

➤ Ғылымның қия жолында



Тула бойынан туа бітті бекзат болмысы, көркем мінезі, терең білімі дараланып көрініп тұратын адамдар болады. Биыл 60 жылдығын тойлағалы отырған филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Раушангүл Әмірденқызымен танысқанымға көп бола қоймаса да, ол кісіден осындай игі қасиеттерді көре алдым. Мен үшін Раушангүл ӘМІРДЕНҚЫЗЫМЕН кездесу, тәлім алу – өмірімдегі баға жетпес сәттерімнің бірі. Өйткені, ол – ғылым жолының ауыр жол екендігін маған жете ұғындырып, ғылыми жетекшім ретінде бойымда сеніп қалған сенімдімі қайта оятқан жан.

**Бекзат болмыс,
терең білім**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторантурасына оқуға түсіп, бірінші курсты тәмамдап жатқан тұста ғылыми жетекші таппай, қатты қиналдым. Мендей 9 сәбиді дүниеге әкеліп, көп балалы ана атанған жанның ғылыммен айналысып, диссертациялық зерттеуді ойдағыдай жазып шығуына өзге ғалым-докторлар күменмен қарап, жетекшіліктен бас тартты. Дәл осындай сәтте өзім жұмыс істейтін Шымкент университетіндегі филология кафедрасының меңгерушісі Қожабекова Райхан апай арқылы Раушангүл Әмірденқызымен таныстым.

Раушангүл Әмірденқызы маған жетекшілік етуге келісімін берген сәттен бастап, арамызда ана мен бала қарым-қатынасындай өрекше жылулық орнады. Қазақ үшін сөзден киелі не бар?! Бабаларымыз жығылғанды сөзбен көтеріп, жылағанды сөзбен жұбатқан. Раушангүл Әмірденқызының әрдайым мені осы құдіретті сөздің арқасында шыңдап отыратынын айтқым келеді.

Қазақ дүниетанымында сабыр деген ұғым бар. Сабырлы болу – ақылдылықтың, зиялылықтың белгісі. Парасатты адам сабырлы болады. Кез келген жағдайда сабырлы болыңыз! Көркем мінезді болыңыз! Ғылым жолы – ауыр жол. Инемен құдық қазғандай өте ауыр. Басынан кешпеген жан біле бермейді. Үй мен отбасы тіршілігі де әйел баласын қажытып жіберетіні рас. Дегенмен, уақыт тауып әрдайым оқудан, білім алудан жалықпай, бәріне үлгеруге тырысқан жағдайда ғана бірге жетістікке жетеміз. Осыны ұмытпаңыз! – дейді.

Ол менің ғылыми жетекшім ғана емес, өмірлік ұстазым да бола білді. Содан болса керек, ұстазыммен өткізген әрбір сәт мені тек ғылымға ғана жетелеп қоймай, өмірге деген көзқарасымды да нықтап, өрекше бір серпіліс сыйлады. Ғалымның түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден қалып, бейнетпен тапқан жаңалығы қелер ұрпақтың игілігіне айналады. Келесі заңдылықтардың ашылуына баспалдақ болады. Раушангүл Әмірденқызы – қазақ тіл білімінде өзіндік орны, қалыптасқан мектебі (11 ғылым кандидаты, 2 PhD докторын дайындаған) бар ғалым.

Ғылыммен тек атақ үшін, құйқалы жерде қызмет ету үшін ғана айналыссаң нәтиже болмайды. Абай атамыз: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға

түседі» дейді. Мұнымен ғұлама ғылым жолы – қиын жол екенін, талмай ізденген адам ғана оның ұшар биігіне шыға алатынын айтып отыр. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі Раушангүл Әмірденқызы ғылыммен айналысқан 35 жылға жуық уақытында осы университеттің филология, шығыстану факультеттерінде 300-ден аса ғылыми мақала жазып, студенттерге, магистранттарға, PhD докторантарына тіл теориясы, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және түркология мәселелерінен дәріс оқып келеді. Раушангүл Әмірденқызының өз шәкірттерін туған баласынан кем көрмейтіндігі, олардың әрбір жетістігі үшін анасындай қуанып, шаттанындығы жөне бар.

Раушангүл Әмірденқызы – бүгінде филология ғылымдарының докторы, профессор. Сорос-Қазақстан қоры, ИНТАС гранты, бірнеше мәрте ҚР Білім және ғылым министрлігі жобаларының жетекшісі, ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы грантының» жеңімпазы, ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиаты және АҚШ-тың Висконсон-Мэдисон университетінің тәлімгері.

Сонымен қатар, Раушангүл Әмірденқызы – Мәскеу лингвистикалық университеті жариялаған «Лингвоарк» жобасы бойынша «Шетелдіктерге арналған қазақ тілі» оқулығын жазған авторлардың бірі. Осы еңбегінің арқасында «РФ ғылымы мен біліміне сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Мерейлі жасқа толып отырған Раушангүл Әмірденқызына мықты денсаулық, шығармашылық табыс, ізденістер мен нәтижелі зерттеулер тілеймін. Еңбегінің жемісін, зейнетін көрсін дегім келеді.

**Гүлмира АЙТҚҰЛОВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
PhD докторанты.**